

Жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын, жеке және заңды тұлғаның мәртебесіне ие шаруа (фермер) қожалықтарына жеңілдетілген салық салу жүйесін және Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының патенттер беру тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті 1996 жылғы 15 желтоқсан N 40 Бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 25 желтоқсанда N 237 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 643 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Салық салу саласындағы ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді Конституциямен, Қазақстан Республикасының заң актілерімен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Күші жойылған деп танылсын:

1) "Жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын, жеке және заңды тұлғаның мәртебесіне ие шаруа (фермер) қожалықтарына жеңілдетілген салық салу жүйесін және Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының патенттер беру тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1996-жылғы 15-желтоқсандағы N 40 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1996-жылы 25-желтоқсанда N 237 тіркелген)...

Төраға

ҚР МСК
Төрағасының бұйрығымен
бекітілген

1996 ж. 15 желтоқсан N 40

ҚР Мемжерком
Төрағасының қаулысымен
келісілген

1996 ж. 4 желтоқсан N 155

НҰСҚАУЛЫҚ

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар, 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығының 138 бабына сәйкес енгізіледі.

Нұсқаулық салық салудың жеңілдетілген жүйесін және негізгі өндіріс құралы

жер болып табылатын, (бұдан әрі шаруашылық) жеке және заңды тұлға саналатын шаруа (фермер) қожалықтарына Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының патент беруінің тәртібін орнықтырады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Шаруашылықтарға жеңілдетілген салық салу жүйесі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген салық салу жүйесінің кәдімгі тәртібімен қатар қолданылады. Салық салу жүйесінің таңдау немесе бұрынғы жүйеге оралу құқығы осы нұсқаулыққа сәйкес шаруашылықтардың өз еркі бойынша беріледі.

1.2. Осы нұсқаулыққа қамтылатын, шаруашылықтарға салық салудың жеңілдетілген жүйесін қолдану табыс және жер салығы төлемдерін алмастыруды, құндық бағасына тәуелді, өлшемі, сапасы, тұрақты пайдалану құқығымен берілген есептелетін, осы қызметке орналасуға (ары қарай патент) патент құнының төлемімен Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген шаруашылықтардың жеңілдетілген салық салу жүйесін алмастыруды п а й д а л а н у ғ а б о л а д ы .

Салық салудың жеңілдетілген жүйесін қолданатын шаруашылықтар үшін кеден төлемдері, мемлекеттік баж, акциздер, мүлікке және көлік құралдарына салық, лицензиялық жиындар, мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға аударулар төлемдерінің тәртібі сақталады.

2. Жеңілдетілген салық салу жүйесінің субъектілері

2.1. Жеңілдетілген салық салу жүйесінің әрекеті жұмысшыларының саны 50 адамға дейін шектеулі Шаруашылықтарға (шартты мердігерлік пен еңбек шарттары және келісімдері бойынша жұмыс істейтіндерді қосқанда) таратылады.

2.2. Шаруашылық өзінің өндіріс циклінде еңбек келісімі бойынша қызметкерлерді белгіленген санға дейін қабылдай алады. Осы орайда еңбек келісімімен қызметке таратылғандар орындалған жұмыстан алынған кірістен табыс салығын төлейді. Табыс салығын ұстау мен дер кезінде төлеуге жауапкершілікті Шаруашылық Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығының 50 бабының 2-тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

3. Нақтыланған жиынтықты жер салығын айқындаудың тәртібі

3.1. Салық салудың жеңілдетілген жүйесін қолданатын шаруашылықтар үшін "Жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын, жеке және заңды тұлға мәртебесіне ие шаруа (фермер) қожалықтарынан алынатын белгіленген жиынтықты жер салығын патенттің құнына енгізуді айқындаудың тәртібі" (1 қосымша). Қолданылып жүрген заңға орай, айқындалған жиынтықты салық бюджет кірісіне осы тәртіппен тіркеуге жатады.

4. Жеңілдетілген салық салу жүйесін қолдану тәртібі

4.1. Шаруашылықтардың жеңілдетілген салық салу жүйесін қолдану құқығын белгілейтін негізгі ресми құжат, салық есебінде тұрған шаруашылықтардың тұрған жерінде календарлық жыл бойына берілетін патенті болып табылады. Патент формасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының барлық аумағы үшін біркелкі болып табылады.

4.2. Осы нұсқаулық ықпалының аумағына енетін Шаруашылықтар үшін Патенттің жылдық бағасы жер үшін төлем ставкасын айқындайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 576 P960576_ "Мемлекет жеке меншікке сататын немесе пайдалануға берген жерге ақы төлеу ставкаларын бекіту туралы" Қаулысында көрсетілгендей белгіленген сомадағы жер салығы, жерді пайдалану құқығын бағамдау бағасының 0,25%-і көлемінен алынатын табыс салығынан және қолданымдағы салық заңына сәйкес белгіленген сомадағы жер салығынан тұрады (Есептеменің типтік формасы N 2 қосымша).

4.3. Ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін шаруашылыққа тұрғылықты пайдалануға берілетін жерге салынатын белгіленген салықтың мөлшерін анықтау жер қатынасы және жер мәселесі жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комитетінің аумақтық органдарымен, болмаса жекеменшікке сатылатын немесе жерді пайдалануға мемлекет рұқсат берген Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 1 қазанда шыққан N 1203 P961203_ " Жекеменшік пайдалануға сатылған немесе мемлекет пайдалануға берген жерлердің бағамдарын бағалау тәртібін бекіту туралы" қаулысына орай жекеменшік пайдалануға немесе мемлекеттік пайдалануға берген жер учаскелерін бағамдау тәртібіне сәйкес белгіленеді.

4.4. Шаруашылық патенттің жылдық бағамын төлеуді төрт мезгіл жүргізеді, алған кезде - патенттің 4/1 бағасы, қалған бөліктер салық қызметі органдары тағайындаған төлемдердің мөлшері бойынша бірдей көлемде 20 мамыр, 20 тамыз, 20 қарашада төленеді. Өндірістің ерекшелігіне сәйкес салық органдары Шаруашылықпен көрсетілген мерзімдер бойынша Патент сомасын төлеу ақысын анықтай алады.

4.5. Егер шаруашылық жерге байланысты емес қосымша қызметпен айналысқан жағдайда, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 16 тамыздағы N 1126 "Кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының патент беру туралы тәртібін бекіту жөніндегі", кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін екінші патент беріледі, немесе бұл қызметке қолданылып жүрген заңға орай және басқа да салық төлеу міндеттеледі.

4.6. Егер Шаруашылық айналысуды көздеген қызмет, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заң күші бар "Лицензиялау туралы" Жарлығына сәйкес лицензияландырылса, онда аталған Жарлықтың 7-бабының 1 тармағына сәйкес қызметтің осындай түрімен айналысуға Патент алу құқығын олар лицензияны алғаннан кейін пайдалана алады. Осындай Шаруашылықты салық есебіне қою лицензияның өкілеттік органымен бекітілген тәртіпте лицензиат алғаннан кейін жүзеге асады.

4.7. Салық органдары шаруашылықтарға Патентті олар салық төлеуге тіркеуге тұрған жері бойынша кезекті тоқсанның басталуынан бұрын бір ай мерзімнің ішінде жазбаша өтініш негізінде:

а) егер Шаруашылықтағы жұмысшылардың жалпы саны осы Нұсқаулыққа сәйкес белгіленген, шектеулі санынан аспаса;

б) егер Шаруашылықтың өткен есептік кезеңде салық төлеу мен басқа да міндетті төлемдер бойынша ұзартылған борыштары болмаса беріледі.

4.8. Шаруашылықтың жеңілдетілген салық салуға көшуі немесе бұдан дәлелді бас тартуы туралы шешім Шаруашылықтың өтініш берген уақытынан бастап он күн мерзімде салық салу органымен шығарылады.

4.9. Салық органынан патент алу үшін Шаруашылық, тіркеуге арыз береді, онда шаруашылықтың аты (шаруашылық басшысының есімі, фамилиясы, әкесінің аты) көрсетіледі, салық төлеушінің тіркелу нөмірі (СТТН), атқаратын қызметінің түрі, орналасқан жері, банк мекемелерінде ашылған есеп және басқа да шоттардың нөмірі өтініште көрсетіледі. Салық органы өтінішке Патенттің тіркеу нөмірі мен оның берілген мерзімін белгілейді.

Патенттің әрекет ету мерзімі біткеннен кейін, Шаруашылықтың өтініші бойынша салық органы кезекті /жылға/ мерзімге Патент береді.

Патент алған Шаруашылық жер салығы мен табыс салығы жөніндегі салық декларациясын беруден босатылады. Есеп беретін жылдың қорытындысы бойынша патентте көрсетілген сомаға қайта есептеу жүргізілмейді.

Патент қатаң есеп беретін құжат тәртібін сақтайды. Патент өзгертілмейді, басқа тұлғаға беруге болмайды.

4.10. Шаруашылық заңды себептермен Патентті жоғалтып алса, салық органдары оған Патенттің көшірмесін береді.

4.11. Шаруашылықта жұмыс істеушілердің саны осы Нұсқаулықта көрсетілген мөлшерден асып кеткен жағдайда Шаруашылық сол өзгеріс енген тоқсаннан кейінгі келесі тоқсанның басынан бастап салық төлеудің қарапайым жүйесіне көшеді.

Салық төлеудің жеңілдетілген жүйесі қызметін тоқтатқан жағдайда Шаруашылық төлеген жер салығының жиынтықты сомасы есеп айырысуға немесе қайтаруға жатпайды.

4.12. Жеңілдетілген салық төлеу жүйесінен бас тарту немесе салық төлеудің қарапайым жүйесіне қайта көшу (қайтару) календарлық жыл аяқталудан 15 күн бұрын салық органына тиісті өтініш берген жағдайда келесі календарлық жылдың басынан басталады.

5. Ықшамдалған салық төлеу жүйесін қолданатын Шаруашылықтың жауапкершілігі

5.1. Ықшамдалған салық жүйесін қолданатын Шаруашылықтың жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 көкектегі N 2235 Заң күші бар Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасының басқа да Заң актілеріне сәйкес күшіне енеді.

6. Осы Нұсқаулықтың күшіне енуі

6.1. Осы Нұсқаулық ресми бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

* Патент - бюджетпен түпкілікті өзара есеп айырысатын және салық төлеудің ықшамдалған жүйесін қолдануға құқық беретін құжат.

Төраға

ҚР Мемсалық комитетінің және
ҚР Мемлекеттік жер комитетінің
нұсқаулығына N 1 қосымша

" ___ " _____ 199 ж.

Жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын, жеке және заңды тұлғаның мәртебесіне ие шаруа (фермер) қожалықтарынан алынатын бекітілген жиынтықты жер салығын патенттің құнына енгізуді айқындаудың ТӘРТІБІ

1. Бұл тәртіп Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар, 1995 ж. 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" жарлығының 138 бабына сәйкес әзірленді.

2. Шаруа (фермер) қожалықтарынан алынатын бекітілген жиынтықты жер салығының енгізілуі салық салуды ретке келтіру, есеп айырысуды жеңілдету қажеттігінен туындаған және шаруашылықты жүргізудің неғұрлым тиімді түрлерін дамытуға және жерді ұқыпты пайдалануға бағытталған.

3. Шаруа (фермер) қожалықтарынан алынатын бекітілген жиынтықты жер салығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 576 " Мемлекет жеке меншікке сатқан немесе пайдалануға берген жерге ақы төлеу ставкаларын бекіту туралы" Қаулысында бекітілген ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін азаматтарға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тұрақты пайдалануға берілетін жер ақысының ставкалар бойынша айқындалатын

, жерді пайдалану құқығын бағалау құнының 0,25 проценті мөлшерінде табыс салығынан және қолданымдағы салық заңдарына сәйкес айқындалатын жер салығын сомасымен есептеледі.

4. Бекітілген жиынтықты жер салығының мөлшерін есептеп шығару ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлерін, топырақ қатпарларын, шаруа (фермер) қожалықтарының орналасу аумағын ескере отырып жүзеге асырылады.

5. Шаруа (фермер) қожалығына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскелерінің бағаланған құнын айқындау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 ж. 1 қазандағы N 1203 P961203_ "Мемлекет жеке меншікке сатқан немесе пайдалануға берген жерге ақы төлеу тәртібін бекіту туралы" қаулысында көрсетілген, бекітілген жиынтықты жер және табыс салығын анықтау үшін Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерді пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдары немесе жеке меншікке сатылатын, мемлекет пайдалануға берген жер учаскелерінің бағалық құнын айқындау тәртібіне сәйкес оның өндірістік бөлімшелері арқылы жүргізіледі.

6. Шаруа (фермер) қожалығының жерді пайдалану құқығының бағалау құнының актісін шаруа (фермер) қожалығының басшысы жерді пайдалану жөніндегі жергілікті жердегі салық органына тапсырады.

7. Салық органы берілген деректердің негізінде осы тәртіптің 3-тармағына сәйкес бекітілген жиынтықты жер салығын есептеп шығарып, оны патент үшін төленетін ақыға қосады.

/СТТН/

Қосымша N 2
Қазақстан Республикасы
салық комитетінің және
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік жер комитетінің
нұсқаулығына

"__" _____ 199 ж. N ____

Е С Е П Т Е С У

шаруа /фермер/ қожалығының патентінің бағасын анықтау

" _____ "

/шаруашылықтың аты/ /ауданы, облысы/

мерзімі _____ 199 ж.

1. Мемлекеттік актінің көрсетуі бойынша Шаруашылыққа ауыл шаруашылығы жүргізу үшін берілген жердің жалпы көлемі _____ га, оның ішінде жайылымдық жерлер:

а/ _____

б/ _____

в/ _____

г/ _____

2. ҚР Мемлекеттік жер комитеті органдары берген жер бөлігінің белгіленген бағасы _____ теңге

3. Жер салығының тағайындалған сомасы барлығы _____ теңге, оның ішінде

- жер салығы _____ теңге

- табыс салығы _____ теңге /0,25% x 2 жол/

Үшінші жол бойынша патенттің жылдық бағасы _____ теңге

т ө л е у м е р з і м і :

I мерзім 199 жылдың " _____ " _____ дейін

II мерзім 199 жылдың " _____ " _____ дейін

III мерзім 199 жылдың " _____ " _____ дейін

IV мерзім 199 жылдың " _____ " _____ дейін

Тіркеу жасалған кездегі шаруашылықтағы жұмысшылардың барлық с а н ы о л а р д ы ң і ш і н д е :

- шаруашылықтың мүшелері _____ адам

- еңбек шарты бойынша жұмыс _____ адам

- істеушілер _____ адам

Патент үшін төлем мына есепке аударылсын _____

Ескерту: есептесу екі дана жасалды

Салық органы бөлімінің бастығы _____ /қолы/

Салық инспекторы _____ /қолы/

Таныстым: _____

Шаруашылық басшысы _____ /қолы/

Мөр _____ Есептесудің тіркелген уақыты

" _____ " _____ 199 ж.